25 қазан- Республика күні

# КҮН ДИДАРЛЫ ҚАЗАҚ ЕЛІ!



Күнге ұқсас қазақ елі,
Мейірленіп тұра тұғын.
Маған ыстық әрбір жері,
Көңілімді бұра тұғын.
Қазақ жері - байтақ мекен,
Құшағындай Ананың.
Есейсем де еркелеген,
Мен өзіңе баламын!
Қазақстан - қасиетім,
Қарашаңырақ - сол әнім.
Құдіретіңе бас иетін,
Азаматың боламын!
Сенде тудым - бағым болар,
Мен қазақтың баласы.
Республикам - бәрін қорғар,
Тау тұлғалы панасы.
Құтты болсын, туған күнің,
Думанды елім, гүлдеген.
Тамшы болып, жетсе - үнім
Шашу шаштым жырменен!

**Бауыржан РЫСБЕКОВ,**
**Талды ЖББМ-нің**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәнінің мұғалімі.**

**Шет өңірі,2023.- 26 қазан (№43).- 1 б**